



СЕРІКТЕСТІК

ҰЗАК МЕРЗІМДІ

2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ



Жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының көрсеткіші

0,22



Тіркелуге жататын оқиғалардың жалпы көрсеткіші

0,40



Тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер мен газ күйінде өндірілген өнім көлемі

128,5 млн.

мұнай эквивалентінің баррелі



Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші

0,00



Газды кәдеге жарату көрсеткіші

99,93%



Сатып алу қызметіндегі жергілікті қамту үлесі

56,4%



Кадрлардағы жергілікті қамту:

Басшылық лауазымдағы жұмыскерлер үлесі

86%

Кәсіби мамандар мен орта буын басшылары

98%

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



Джанкарло Рую
КПО бас директоры

Құрметті оқырмандар!

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б. В.» (КПО) – үнемі жаңа шыңдарды бағындырудан тайынбайтын, шығармашылық әлеуеті зор әлемдік деңгейдегі тәжірибеге ие кәсіпқой мамандардың біртұтас ұжымы. Біздің басым мақсаттарымыз бұрынғыдай өзгеріссіз қалды – өнеркәсіптік қауіпсіздікке қатысты барлық талаптарды сақтап, жергілікті қауымдастықтың дамуына жағдай жасай отырып, өндіріс көлемін бірқалыпты деңгейде сақтау.

2022 жыл өте күрделі келгеніне қарамастан, мақтаныш тұтарға лайық жайттар баршылық. Былтыр біз кен орнында КПО тарихындағы ең ірі күрделі жөндеу жұмыстарының бірін аяқтадық. Тәулік бойы орындалған жөндеу жұмыстарына 12 000-ға дейін адам тартылды, ал жұмыс істелген адам-сағаттардың жалпы саны 2,135 миллионға таяды. КПО жұмыскерлерінің үздіксіз қадағалауының арқасында жұмыстар қауіпсіздік техникасын толық сақтай отырып жүргізілді, әрі ешқандай ірі оқиғалар немесе заттардың қоршаған ортаға ағып (шығып) кету жағдайлары болған жоқ. Күрделі жөндеу жұмыстарының мерзімінен бұрын және апатсыз аяқталуы – барлық КПО жұмыскері мен

мердігерлеріміздің тізе қосып атқарған ерен еңбегінің жемісі деп білемін.

2022 жылы біз мерейтой атап өттік – Қазақстан Республикасы мен КПО халықаралық консорциумы арасында құрылған серіктестіктің негізгі қағидаттарын реттейтін құжат – ӨБТК (Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім) келісіміне қол қойылғанына 25 жыл толды. Өткен ширек ғасырда Қарашығанақ Республиканың мұнай-газ өнеркәсібінің бетке ұстарына және Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күшіне айналды. КПО-ның көптеген жетістіктерге қол жеткізуі – уәкілетті органдар мен облыс әкімдігі арқылы мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың арқасында. Бұл – аралық қорытынды жасайтын маңызды кезең, одан бөлек – жаңа заңдар бастау алатын, алдағы жоспарлар белгіленетін бастапқы нүкте.

2022 жылы КПО серіктестері мен Өкілетті орган («PSA» ЖШС) ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен Қарашығанақты кеңейту жобасының 1Б кезеңін (ҚКЖ-1Б) санкциялау туралы келісімге қол қойды. Қарашығанақтағы сұйық көмірсутектерді

“ 2022 жылы Қарашығанақ кен орнында өндірілген көмірсутек көлемі 128,5 млн. мұнай эквивалентінің барреліне жетті. ”



өндірудің жоғары деңгейін сақтап тұру мерзімін ұзартуды көздейтін бұл жоба Қазақстан Республикасы мен акционерлерге қосымша табыс әкелмек.

2022 жылы КПО өндірген көмірсутек көлемі 128,5 млн мұнай эквивалентінің барреліне жетті. 11,1 млрд. м3 құрғақ күкіртті газ қабатқа кері айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің 57,3%-на тең. Жалпы алғанда, озық технологиялардың арқасында біз өндірісте жоғары жетістіктерге қол жеткіздік.

Біз қоршаған ортаға әсерді азайту үшін, сонымен қатар бұл саладағы көрсеткіштерімізді үнемі жақсарту мақсатында кешенді табиғат қорғау шаралары жүйесін қолданысқа енгіздік. Шығарындыларды азайту, қалдықтармен жұмыс істеу және жаңа технологияларды қолдану – компанияның осы саладағы басты бағыттары. КПО-ның CO2 шығарындылары бойынша үлесті көрсеткіші жалпы алғанда өндірілген көмірсутектің мың тоннасына шаққанда 66 тоннаны құрады. КПО газды кәдеге жарату бойынша 99,93%-дық көрсеткішке қол жеткізді. Шығарындыларды азайту әдістері мен технологияларын табысты қолдану арқылы біз жалпы

экологиялық көрсеткіштердің ең жоғары әлемдік стандарттарға сай болуын қамтамасыз етіп келеміз.

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруге Қазақстандық жеткізушілер мен өндірушілерді жұмылдыру мақсатында белсенді жұмыс атқарып келеді. 2022 жылы КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша келісім шарттарындағы жергілікті қамту үлесі 56,4 пайызды құрады.

Сізді кітапшамен танысып, зерделеп оқып, Компания қызметінің негізгі бағыттары туралы тереңірек білуге шақырамын. Толығырақ ақпаратты КПО-ның жыл сайынғы тұрақты даму есебінен және www.kpo.kz веб-сайтынан табуға болады.



КПО ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ

Көмірсутекті өндіру мен өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады:

- Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК);
- ГКДҚ-2;
- ГКДҚ-3.



Ішкі өндірістік құбырлар желісінің жалпы ұзындығы шамамен 2000 км құрайды. Олар негізгі өндірістік нысандар мен ұңғымаларды өзара байланыстырады. Мұндай объектілердің қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Экоорталық жатады.

2022 жылдың аяғына қарай

Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры **471** ұңғыманы құрады, оның ішінде **117** өндіру мен **20** кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді.

БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутек, шикі газ және отын газын өндіреді және өңдейді.



2022 жылы **10,2** млн тонна немесе **80,5** млн баррель көлемінде шикі мұнай КҚК құбыры арқылы Қара теңіздегі Новороссийск порты және Атырау-Самара құбыры арқылы «Транснефть» жүйесі (одан әрі Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына және Қара теңіздегі Шехарис терминалына жөнелту үшін) батыс нарықтарына экспортталды.



Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесінің (ҚАТЖ) өнімді өткізу қуатын арттыру бойынша бұрын басталған жоба аясында КПО «ҚазТрансОйл» АҚ теміржол цистерналарына құю-ағызу торабына қосылу жұмыстарын аяқтады. Бұл «КПО-КҚК-ҚТО» жүйесі жерүсті және жерасты объектілерін, КПО-КҚК-ҚТО құбыр жүйесі мен 2022 жылдың қарашасынан бастап пайдалануға берілген ілмекті арматура тораптарын қамтиды.



Бұл қосылыс Қарашығанақ мұнайының ҚТО мұнай сақтау базасына жеткізілуін қамтамасыз етеді және мұнайды ҚТО темір жолы мен құбыр жүйесі арқылы балама бағыттар бойынша экспорттауға қосымша мүмкіндіктер жасайды.



Қабат қысымын ұстап тұру мақсатында КПО 2022 жылы жер қабатына шамамен **11,1** млрд м³ газды кері айдады, бұл жалпы алынған газдың шамамен 57,3%-на тең.

ӨНДІРІС ЖӘНЕ САТУ

2022 жылғы өндіріс көлемі

		2020	2021	2022
Жалпы өндіріс көлемі*	млн. б.м.э.	143,9	134,1	128,5
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 941	10 338	10 134
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн. ст. м ³	20 214	18 980	19 442
Кері айдалған газ көлемі				
Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн. ст. м ³	10 362	9 998	11 131
Өндірілген отын газы көлемі	млн. ст. м ³	851,0	789,0	842,9

* Жалпы өндіріс көлемі бойынша көрсеткіштерде қабатқа кері айдалған газ көлемі қамтылмаған

2022 ж. сату көлемі

		2020	2021	2022
Жалпы сатылымдар көлемі	млн. б.м.э.	139,4	130,7	124,9
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер				
Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат	мың т	24	1,5	30
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер				
КҚК және Атырау-Самара жүйесіне жіберілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	10 857	10 366	10,2
Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін тазартылмаған газ	млн. ст. м ³	8 986	8 182	7 455
Тазартылған газ				
(БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін)	млн. ст. м ³	90	70	70



ҚКЖ-1А жобасының құрылыс алаңы

ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ӨНДІРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ МЕРЗІМІН ҰЗARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

2022 жылғы қараша айында Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер Қарашығанақты кеңейту жобасының 1Б кезеңін (ҚКЖ-1Б жобасы) санкциялау туралы келісімге қол қойды. ҚКЖ-1Б жобасы ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚГӨША), 4-ші газды кері айдау компрессоры (4-компрессор) және ҚКЖ-1А жобаларын жүзеге асыру кезінде жеткен жетістіктерге негізделіп орындалатын Қарашығанақ кен орнын игеруді жалғастыру жолындағы жаңа әрі маңызды кезең. ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚГӨША) жобасы 2021 жылдың наурызында сәтті аяқталып, пайдалануға берілді. Бір жылдан кейін 2022 жылдың мамырында 4-ші газды кері айдау компрессорын салу жобасы сәтті аяқталып, іске қосылды. Қазір құрылысы жүріп жатқан ҚКЖ-1А жобасының нысандары 2024 жылы аяқталып, пайдалануға беріледі.

5-ші және 6-шы газды кері айдау компрессорларының және басқа да ілеспе объектілердің құрылысын қамтитын ҚКЖ-1А және ҚКЖ-1Б жобалары сұйық көмірсутектер өндірісінің жоғары деңгейлі мерзімін ұзартуға бағытталған, бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасының серіктестері үшін зор үлес қосып, қосымша пайда әкелуге мүмкіндік береді. Оған қоса, аталмыш жобалардың арқасында Қазақстан азаматтары үшін бірталай жұмыс орындары ашылады. Жобаны іске асыру кезіндегі КПО-ның басым мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан күрделі кен орнын игеру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау жұмысты табысты жүргізудің шешуші факторы болып табылады. Табиғатпен үйлесімді жұмыс жасау білу – қиын да күрделі шарт. Бұл саладағы КПО-ның жетістіктері Қазақстандағы салалық әріптестер арасында ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де танылды.

белгілі болған «жасыл экономика» тұжырымдамасы КПО жұмысы басталғалы бері жүзеге асырылуда. КПО өз қызметтерін аймақтағы биоалуантүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне барынша аз ықпал етіп жүргізуді көздейді. Сондықтан да кен орны аймағында аққуларды, түлкілерді, тіпті «Қызыл кітапқа» енген сирек жануарларды кездестіруге болады.

КПО Қарашығанақ жобасының операторы ретінде 1998 жылы өз мойнына жауапкершілік алғаннан бері, яғни 1998–2022 жж. аралығында компания өз қызметін жүргізетін аймақтың қоршаған ортасын қорғауға бағытталған арнайы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 449,8 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция жасады. Қазақстан аймағында қазір көпшілікке

Компания әлемдік деңгейдегі инновация деп танылған ең озық технологияларды қолданады. Сондай-ақ ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, қалдықтарды қайта пайдалану және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шараларға жіті назар аударылады. 2022 жылы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,93%-ды құрады, бұл – әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.

Газды жағу және кәдеге жарату, 2006–2022 жж.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ



Компания қауіп-қатер факторларын ерте кезеңде анықтауды, қоршаған ортаға тиетін кері әсерді жоюды және осы саладағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуды көздейтін экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін іске асырып келеді.



2022 жылғы тамызда КПО ISO 14001:2015 және ISO 50001:2018 стандарттары талаптарына сәйкестікті тексерген бақылау аудитін сәтті аяқтады. Аудит нәтижесінде компанияда бір де бір ережеден ауытқу анықталған жоқ, ал компанияның экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері тиімді деп танылды және халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетіні расталды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2022 жылғы қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру Компанияға келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:



Ұңғыманы игеру кезінде көлемдік үлесі жоғары газды алу үшін жер үсті сорғысын пайдалану шығарындылардың

1 529 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді



Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықты қолдану (Lamix немесе Diesel) атмосфераға шығарындыларды

236 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

Бұл саладағы жұмыстар түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:



Қалдықтарды өндірісте қайта пайдалану;



Қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында өңдеу;



Қалдықтарды Экоорталық объектілерінде жою;



Қалдықтарды әрі қарай кәдеге жаратумен, өңдеумен және жоюмен айналысатын арнайы мердігерлік ұйымдарға тапсыру.

2022 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР:

Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға тиетін нақты және ықтимал қаупін азайту мақсатында 2022 жылы КПО төмендегі іс-шараларды жүзеге асырды:

Қайта өңделген сұйық қалдықтар мен сарқынды сулардың көлемі: сұйық қалдықтар – жоспарланған 3 мың тоннаның

8,7 тоннасын құрады

Қайта өңдеу және (немесе) қайта пайдалану үшін арнайы кәсіпорындарға тапсыру үшін сұрыптауға түскен тұрмыстық қалдықтардың жалпы массасынан алынып тасталған пайдалы компоненттер көлемі

123,23 тонна

599,62 тонна

сұрыпталған жанғыш және қайта өңделмейтін қалдықтар жалпы мақсаттағы пеште жағуға жіберілді

601,05 тонна

Мұнай негізіндегі бұрғылау езіндісін дайындау үшін қолданылған 601,05 тонна «Lamix» негізгі майы алынып, бұрғылау қалдықтарын термомеханикалық тазалау (ҚТТ) қондырғысына қайта пайдалануға жіберілді.



СҰРЫПТАЛЫП, КЕЙІН ӨҢДЕУГЕ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАМА ШИҚІЗАТ РЕТІНДЕ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУҒА ЖІБЕРІЛГЕН ҚАЛДЫҚ КӨЛЕМІ:



4,966 тонна металл қалдықтары – бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 37%-ға азырақ (7,88 тонна);



20,88 тонна пластик қалдықтары – бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 1,6%-ға азырақ (21,2 тонна);



91,2 тонна қағаз қалдықтары – бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 7%-ға азырақ (98,02 тонна);



Пайдалы компоненттерді қалпына келтіру/қоқысты өртеу нәтижесінде қоршаған ортаға тасталған қалдықтар көлемі **78%** -ға азайды;



2,803 тонна құрылыс қалдықтары арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жіберілді;



2022 жылы Қарашығанақ кен орнында бұрғылау езінділерін дайындау, теректерді суару және шаң басу мақсатында қайта пайдаланылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі **75,452** м³ құрады;


Бұрғылау бағдарламасының қысқартылуына байланысты тазартылған сарқынды сулардың аз мөлшері бұрғылау мақсатында пайдаланылды. Тазартылған ағынды сулардың негізгі мөлшері құрылыс алаңдарындағы шаңды басу үшін және ҚӨК объектісінің техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылды.

ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

2022 жылғы КПО-ның CO₂ шығарындылары бойынша меншікті көрсеткіші өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 66 тонна CO₂ құрады.

Өндірілген көмірсутек шикізатының бірлігіне шаққандағы парниктік газ шығарындыларының үлесі бойынша КПО-ның көрсеткіші еуропалық көрсеткіштерден 16%-ға және халықаралық көрсеткіштерден 45%-ға төмен.

ПГ меншікті шығарындылары, 2020-2022 жж.



- КПО көрсеткіші – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO₂ тоннасы
- IOGP деректеріне сәйкес көрсетілген Еуропа көрсеткіші – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO₂ тоннасы
- IOGP деректеріне сәйкес көрсетілген әлемдік көрсеткіш – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO₂ тоннасы

ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес КПО жан жақты қоршаған ортаны қорғау мониторингін жүргізеді. ӨЭБ бағдарламасы аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын шығарындыларға (ауаға шығарындылар, сарқынды суларды жіберу, қалдықтарды өңдеу және жою), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшеу орындарын, анықталу қажет компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

КПО ауа сапасын аккредиттелген зертхананың көмегімен сынамалар алу және талдау арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында және санитарлық қорғау аймағы периметрінде орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) арқылы бақылайды. Әрбір станцияда ауа құрамындағы күкіртсутегін (H₂S), күкірт диоксидін (SO₂), азот диоксидін (NO₂), көміртек оксидін (CO) бақылауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт (4) талдағыш орнатылған.

Бақыланатын ластаушы заттардың ауа құрамындағы мөлшері жоғары деңгейге жеткен жағдайда ЭМС ескерту дабыл белгісін іске қосады.

2022 ж. КПО КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ АЯҚТАДЫ:

Қарашығанақ кен орнында және экспорттық құбыр бойындағы қоршаған ортаға мониторинг 2022 жылғы ӨЭБ бағдарламаларына сәйкес жүргізілді. Бұдан басқа, өндірістік объектілер мен КПО бөлімдерінің өтініші бойынша қосымша сынама алынып, тестілеу жүргізілді;

Халықтың иіске шағым айта жасаған жүгіністері (7) бойынша ақпараттық есептер дайындалды. Жарсуат ауданындағы ауылдардың бірі Жаңаталаптан алты жүгініс түсті. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы газ иісіне қатысты жүгініс саны 2,5 есе өсті.

Ауылдық округтердегі ауа сапасы бойынша ай сайынғы бюллетеньдер жергілікті баспасөз басылымдарында жарияланады және ауылдық округ әкімдіктеріндегі, ауылдық клубтардағы, сондай-ақ КПО бас кеңсесіндегі ақпараттық тақталарға ілінеді.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

Биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған іс-шаралар жоспары (БСЖ) – экожүйенің бұзылуы мен биоалуантүрліліктің нашарлауының алдын алуға арналған шаралардың бірі. 2020 жылы Биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

Оны 2022 жылы іске асыру шеңберінде фауна мониторинг аяқталды, оның мақсаты ҚМГКК фаунасының түрлік құрамы бойынша деректер базасын жаңарту болып табылады. Мониторинг нәтижесінде түрлердің алуан түрлілігінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады, демек, мекендеу орталары мен фаунаға келтірілген теріс ықпал да анықталмады. Сондай-ақ құстарды қорғау құрылғыларын орнату туралы ұсыныс түсті.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

2022-2024 жылдарға арналған Экологиялық мәдениет пен хабардарлықты арттыру бағдарламасы аясында 2022 жылы келесі негізгі іс-шаралар өткізілді:

- 26 наурызда Халықаралық жер сағаты аясында «Жер сағаты» викторинасы ұйымдастырылды. Викторинаға 60-тан астам жұмыскер қатысып, 10 жеңімпаз анықталды. Акцияның мақсаты планетаның табиғаты мен ресурстарына жауапкершілікпен қарау қажеттілігіне назар аудару болды.
- 5 маусымда Халықаралық қоршаған ортаны қорғау күні аясында «Жаңа экология кодексі. Жасыл КПО тұжырымдамасына көшу» туралы міндетті видеокурс енгізілді. Курстың мақсаты жұмыскерлерді КПО-дағы энергетикалық бетбұрыс бағдарламасына және экологиялық заңнамадағы жаңа өзгерістерге қатысты Компания жоспарларымен таныстыру болды. 3700-ге жуық жұмыскер осы оқудан өтті, бұл жұмыскерлердің жалпы санының 91% құрайды.
- КПО-да алғаш рет қоршаған ортаны қорғауға қатысты негізгі ақпаратты қамтитын КПО-ның Экологиялық нұсқаулығы атты құжат әзірленіп шығарылды. Аталмыш нұсқаулық КПО-ның қоршаған ортаны қорғау қызметіне тартылған барлық жұмыскерлер үшін практикалық нұсқаулық ретінде пайдалануға арналған. Нұсқаулық интерактивті етіп жасалған, ішінде қазір қолданыстағы рұқсаттарға, жобаларға, бағдарламаларға, жоспарларға, процедураларға және үнемі жаңартылып отыратын басқа да пайдалы материалдарға белсенді сілтемелер бар.
- 10 маусымда Орал қаласында бесінші «Uralsk Green Forum» шарасы өтті, форум «Жасыл трансформация: үрдістер мен сын-қатерлер» тақырыбында өтті. Форум жұмысына 165-тен астам қатысушы, оның ішінде: республикалық және облыстық деңгейдегі мемлекеттік ұйымдардың, мұнай-газ компанияларының, салалық және арнайы қауымдастықтардың өкілдері, экология және жасыл технологиялар саласындағы сарапшылар, республикалық және облыстық БАҚ өкілдері, БҚО-дағы ЖОО студенттері қатысты. Іс-шара аясында Батыс Қазақстан облысының студенттері үшін «Жасыл бағыт – болашағымыздың тұрақтылығы үшін» тақырыбында экологияға қатысты әңгіметалқылар және «Жер Ана – біреу ғана!» атты интерактивті көрме өткізілді.
- КПО энергетика апталығы Халықаралық энергия үнемдеу күні аясында 11-17 қараша күндері аралығында өткізілді. Энергия үнемдеу және жасыл трансформация саласындағы түрлі қызмет атқаратын кәсіби спикерлер шақырылып, компания жұмыскерлеріне энергияның қалай түзілетіндігі жайында айтып берді: от жағудан жаңартылатын энергия көздеріне (ЖЭК) қалай жеткеніміз туралы, Қазақстандағы ЖЭК қатысты проблемалар және саланың дамуы туралы, БҚО-да жұмыс істейтін қалдықты қайта өңдеу компаниялары және қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыруға болатын жерлер жайында, сондай-ақ КПО-365 бағдарламасы аясында Жасыл тұжырымдамаға көшу, көміртекті тұту және сақтауға қатысты жобалар, виртуалды энергия, КПО үшін энергия тиімділігі неге маңызды және «Жасыл кеңсе» қағидаттары сияқты тақырыптар талқыланды. Сондай-ақ, КПО энергетика апталығы барысында 40-қа жуық КПО жұмыскерлерінің балалары энергия үнемдеу тұжырымдамасымен ойын түрінде танысып, сыйлық ретінде эко-сөмкелер алды. Эко-жаттықтырушы Дамир Кәрімов «Энергошаның саяхаты» атты қызықты семинар өткізді.
- 2022 жылы «Жасыл кеңсе» пилоттық жобасы әрі қарай жалғасын тапты. Жобаға КПО-ның тағы екі кеңсесі – «Самал-2» және «Әлия» оқу орталығы қосылды. Экологиялық ағарту жұмыстары аясында эко-үзілістер өткізіліп, оларға 200-ге жуық жұмыскер қатысты. Компанияда қалдықтарды бөлек жинау басталды және бір рет қолданылатын пластик ыдыстарды пайдаланудан бас тартыла бастады. Осы іс-шаралардың нәтижесінде осы кеңселерде бір рет қолданылатын пластик ыдыстарды пайдалану орта есеппен 28%-ға қысқарды.
- «Бірге таза Қазақстан», «Дүниежүзілік тазалық күні» және «Табиғатқа қоқыс жоқ» сияқты бүкіл ел бойынша өткізілген табиғатты қорғауға арналған шаралар аясында КПО жұмыскерлері Ақсай мен Орал қалалары және оған жақын маңдағы аумақтарды жинап тазартуға бағытталған қалалық сенбіліктерге белсенді қатысты. 2022 жылы өткізілген сенбіліктердің саны бойынша өткен жылдармен салыстырғанда рекорд қойылды және сенбіліктерге 300-ден астам КПО жұмыскері қатысты. Мұндай шаралар адамдардың қалдықтарға деген көзқарасын қайта қарауға және өзгертуге, қалдықтардың түзілуін барынша азайтуға тырысуға және қайта пайдалану жолдарын арттыруға ықпал етеді.
- «ГКДҚ-2 объектісіндегі пилоттық жоба туралы ережелер (ГКДҚ-2 объектісінде жұмыс істейтін мердігерлерді экологиялық бақылау бойынша рұқсат беру жүйесіне экологиялық сертификаттарды енгізуді қамтитын)» бойынша оқыту семинарлары өткізілді. Семинарларда 265 жұмыскер оқып шықты.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ДАМЫТУ

2022 жылдың соңына қарай Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс жасап жатқан КПО жұмыскерлерінің жалпы саны 4053 адамды құрады, оның ішінде 3872 адам қазақстандық, ал 181 адам – құрушы компаниялардың іссапарға жіберген жұмыскерлері.



3 872 Қазақстандық жұмыскерлер

181

Құрушы компаниялардың іссапарға жіберген жұмыскерлері

Картада КПО жұмыскерлерінің Қазақстанның қай аймағынан келіп жұмыс істейтіні және олардың пайыздық үлесі көрсетілген.



КАДРЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ

КПО-ның 2020-2025 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын 2020 жылы Өкілетті орган мақұлдады. Аталмыш бағдарлама шеңберінде 2022 жылы шетелдік мамандар атқарған 11 лауазымға жергілікті жұмыскерлер тағайындалып, 17 лауазым қысқартылды. 2022 жылдың аяғында жергілікті кадрлар жалпы штаттың 95%-ын құрады. Жалпы, 1999-2022 жылдар аралығында КПО-ның 257-дан астам шетелдік маманы жергілікті жұмыскерлермен алмастырылды және шетелдік мамандар атқарған 301 лауазым қысқартылды.

Жұмыскерлер санаттары бойынша КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру жоспарының орындалуы

Санат	Сипаттамасы	ҚР заңнамасына сәйкес талаптар	2022
1+2	Жоғары басшылық және олардың орынбасарлары, бөлім және объект басшылары	Кемінде 70%	86%
3+4	Кәсіби мамандар / Білікті жұмыскерлер	Кемінде 90%	98%

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғалы бері жергілікті жұмыскерлерді дамытуға 233 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды. Тренингтерді еліміздегі және халықаралық үздік институттар өткізді, сонымен компания ішінде де ұйымдастырылды, оқытулар онлайн және Ақсайдан тыс жерлерде де өткізілді.

2022 ж. КПО-да келесі оқыту және дамыту бағдарламалары жүзеге асырылды:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАУ БОЙЫНША ОҚЫТУЛАР, АТАП АЙТҚАНДА:

- CIPS дипломы – келісімшарттар жұмыстары мен сатып алу жөніндегі мамандарға арналған CIPS институтының сатып алу және жеткізу саласындағы сертификатталған бағдарламасы
- Мұнай және газ саласындағы басқару бойынша бизнесті ұйымдастыру және басқару магистрі
- Жоба құнын бағалау және қадағалау бойынша сертификаттау
- Жұмыскерді кешенді ынталандыру саласындағы басқару GR1
- Американдық мұнай институтының 510, 570, 653, 580, 581 стандарттары бойынша сертификаттау
- OPITO стандарты бойынша ірі төтенше жағдайларды басқару және оларды жою мақсатында алғашқы әрекет ету курсы
- ISO 45001 – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі, ISO 31000 – Қауіп-қатерлерді басқару, ISO 15489 – Құжаттаманы басқару, ISO 13028 – Құжаттаманы цифрландыруды енгізу бойынша нұсқаулық, ISO 39001 – Жол қауіпсіздігі стандарты
- ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 – Біріктірілген менеджмент жүйелері бойынша курс
- IWCF – ұңғыма ішіндегі жұмыстар кезіндегі қысымды бақылау деңгейлері 2/4, бұрғылау кезінде ұңғыманы бақылау деңгейлері 2/4
- Экологиялық менеджмент бойынша IEMA сертификаты
- IECex/Complex сертификаты. Жарылыстан қорғау
- Дәнекерлеуші мамандарды сертификаттау
- Бұзбай сынау/бақылау бойынша сертификаттау
- Жабдықтың сенімділігінің және қауіпсіздігінің деңгейі бойынша оқу курсы (IEC 61508 стандарты)
- Қауіп-қатер көздерін және пайдалануға жарамдылықты талдау (HAZOP), қауіпті факторларды анықтау (HAZID)
- ASME бойынша сертификаттау

КӘСІБИ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ҚАТЫСТЫ АРНАЙЫ ОҚЫТУЛАР

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША МІНДЕТТІ ОҚЫТУ

ТІЛ ҮЙРЕНУ КУРСТАРЫ – ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ

OPITO СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС ӨНДІРІС ОПЕРАТОРЛАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕХНИКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӘСІБИ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Еңбек қатынастары – бұл лауазымдық міндеттерін жеке орындағаны үшін еңбекақы алатын жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісімге негізделген қатынастар. Еңбек қатынастарына кіріскен жұмыскер еңбек заңнамасына бағынуға міндетті, ал жұмыс беруші заңға, ұжымдық шартқа немесе жеке еңбек шартына сәйкес еңбек етуге жағдай жасауға міндетті. Жұмыскерлермен оң және нәтижеге негізделген қарым-қатынасты сақтай отырып, Компания жұмыскерлердің адал болуын және жұмысқа деген құлшынысының нығаюын күтеді.

КПО-ның еңбек қатынастары саласындағы негізгі стратегиясы – салауатты жұмыс ортасын құру арқылы компания мүддесі мен жұмыскерлердің мүддесі арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

КПО құрылымында еңбек қатынастары басқармасының болуы еңбек мәселелерінің немесе даулардың алдын алуға және оларды шешуге көмектеседі, оған қоса Компанияның барлық жұмыскерлері қабылдаған әділ ішкі регламенттерін енгізіп, оларды сақтауға ықпалын тигізеді.

Бұл басқарманың міндеттерінің аясына бірқатар функциялар кіреді, соның ішінде:

- Кәсіподақтармен жұмыс істеу және олардың Компанияға байланысты қызметін үйлестіру, бұған компания өкілдері мен жұмыскерлер арасындағы келіссөздер де кіреді;
- Жұмыскерлерді марапаттау және көтермелеу бағдарламасын енгізу, бұл жұмыскерлерді жұмысқа тарту үшін маңызды, осылай жұмыскер өзінің рөлін сезініп, өзінің еңбегінің бағаланатынын түсінеді;
- Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі және еңбек ресурстары бойынша саясат шеңберінде («KAZENERGY», «Парыз» және т.б.) республикалық сайыстар мен іс-шараларда Компанияны танытатын қажетті құжаттарды дайындау;
- Еңбек даулары мен еңбек тәртібіне қатысты мәселелерді шешу процесін, оның ішінде Компанияның келістіру комиссиясы шеңберінде қарастырылатын істерді үйлестіру;
- Алғытөлем/несие/материалдық көмекке қатысты бағдарламаларды іске асыру. Өтінімдер жинап, оларды Комитеттің қарауына беру (жеке қажеттіліктерге сұралатын алғытөлемдер, әлеуметтік тұрғыдан жағдайы шамалы жұмыскерлерге, сондай-ақ шұғыл медициналық көмекке мұқтаж жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне материалдық көмек).



КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖҰМЫС

Кәсіподақтармен жұмыс істеу өте маңызды, өйткені осы арқылы жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүдделерінің арасында тепе-теңдік қамтамасыз етіледі.

Бұл орайда үнемі басты назардағы мәселе – жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту.

Ұжымдық шарт жасауға қатысты келіссөздер жүргізу – Компания жұмысының тағы бір маңызды бөлігі. Бұл тараптардың келген келісімі шынайы келіссөздердің нәтижесі екенін білдіреді. Ұжымдық шарт – бұл ұжымдық келіссөздер процесінің нәтижесінде Компания да, кәсіподақтар да бірге келген келісім. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі бағыттары бойынша ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлейді және жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында Компаниямен келіссөздер жүргізеді. КПО-да жұмыскерлердің мүдделерін үш кәсіподақ қорғайды:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «Қарашығанақ КПО және мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

2021 жылдың соңында 2022-2024 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды. КПО ұжымдық шартының ережелері барлық КПО жұмыскерлеріне олардың кәсіподақта мүшелік етуіне қарамастан қолданылады.


Компанияда кері байланыстың бірнеше жолдары бар: кадр бөлімімен тікелей немесе кәсіподақ арқылы, сондай-ақ анонимді «жедел желі» арқылы хабарласуға болады. 2022 жылы кадр бөліміне жедел желі арқылы келген шағымдарды қоса санағанда барлығы 97 өтініш түсті. Келіп түскен шағымдар еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа орналасу, жанжалдарды шешу, билігін асыра пайдалану, мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне қатысты орынсыз мінез-құлық көрсету сияқты мәселелерге қатысты болды. Түскен барлық шағымдар қаралды және шешілді, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде және келістіру комиссиясында қаралмас бұрын шешілді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРМЕН СЕРІКТЕСТІК

Жоғарғы оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы өзара серіктестік – жас мамандарды дайындауға және бейімдеуге көмектесетін ұзақ мерзімді өзара тиімді жұмыс.


КПО-да ЖОО-лармен жұмыс «Студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы» арқылы келісімдер жасалғаннан кейін жүзеге асырылады. 2022 жылы 15 мамандық бойынша 16 оқу орнынан келген 212 студент КПО-ның түрлі бөлімдерінде практикалық және дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013 және 2022 жылдар аралығында Компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 194 адамды жұмысқа қабылдаған.

КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны, 2020-2022 жылдар



ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ТҮТАСТЫҒЫ

Біздің мақсатымыз – жарақат алу қаупін барынша азайту және оқыс жағдайлардың ауырлық деңгейін азайту. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету – КПО-ның ең басты мақсаты.




КПО компаниясы жыл бойы профилактикалық шаралар арқылы алдын алуға болатын, осылайша жазатайым оқиғалардың пайда болуын ескертетін ықтимал қауіп-қатерлер көздерін анықтау дағдыларына оқытуға басымдық қойып, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен нысандар тұтастығын қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Әзірленген профилактикалық шаралардың сенімділігі, осал жерлерін анықтау мақсатында бірнеше рет диагностикадан өтті.

ЕҚЖЖ – Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО).


ТТЖ – тіркелуі тиіс жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО) + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар (ЕШЖ) + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар (МКЖ)

ЫҚО – Ықтимал қауіпті оқиғалар.

2022 жылғы ЕҚЖЖ, ТТЖ, ЫҚО жиіліктері



2022 жылғы ЖКО жиілігі




ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруде жергілікті қамтуды барынша арттыру үшін бар күшін салып келеді. Жұмыстар мемлекеттік және салалық бағдарламаларға және жергілікті қамту саласындағы КПО саясатына сәйкес орындалады.

Жүйелі шаралардың нәтижесінде Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамтудың үлесі 2022 жылы

511,7 млн АҚШ долларына (56,4%) жетті.

КПО компаниясының жергілікті қамту бойынша жалпы пайыздық көрсеткіштері



КПО өз күшін тауарлардағы ЖҚ үлесін арттыруға бағыттап келеді: 2022 жылы сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінің 18% (42,5 млн АҚШ доллары) елімізде жасалған, 7,3% СТ-КЗ сертификатымен расталған.

2016 жылдан бері құны 254,1 млн АҚШ доллары болатын тауарлардың 43 категориясы, және құны 719,7 млн АҚШ доллары болатын жұмыстар мен қызметтер түрлері жергіліктендірілді.

2022 жылғы КПО жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелері:

- Тауарлардың 4 түрі жергіліктендіріліп, жалпы сомасы 104 млн АҚШ доллары болатын келісімшарттар жасалды;
- Қызметтердің 3 түрі жергіліктендіріліп, жалпы сомасы 86 млн АҚШ доллары болатын келісімшарттар жасалды;
- 3 бірегей (ОЕМ) және 6 бірегей емес (non-ОЕМ) жабдықтарды өндірушілерді жергіліктендіру бойынша жол карталарға қол қойылды;
- Жол картасын жүзеге асыруға 2 келісімшарт жасалды.
- ҚКЖ-1А (БГКАК) жобасы аясында:
- Негізгі құрылыс және жобалау жұмыстарын «ККС-СИЧИМ» ЖШС жергілікті консорциумы орындап жатыр;
- Жергілікті жұмыскерлер үшін 4000-нан астам жұмыс орны құрылды;
- 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге 46 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалған.

1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шығындарындағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 9,37 млрд АҚШ долларынан асты.



ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ

2022 жылы КПО әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде құны 5,6 млн АҚШ доллары болатын 3 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны жоспарланған мерзім шеңберінде жүзеге асыра алды.

2022 ЖЫЛЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КПО АЯҚТАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР:

- Орал халықаралық әуежайын жаңғырту
- БҚО, Орал қаласы, Зашаған кентіндегі, Орал-Атырау, Орал-Саратов тас жолы бойындағы шағын аудандарды абаттандыру және жайластыру (көше жарықтары)
- БҚО, Орал қаласы, Зашаған кентіндегі, Орал-Атырау, Орал-Саратов тас жолы бойындағы шағын аудандарды абаттандыру және жайластыру (абаттандыру)

	2019	2020	2021	2022
Жобалардың жалпы саны	26	21**	15**	17**
Аяқталған жобалар	3/23*	6/15*	8/7*	3/14*
Іс жүзінде жұмсалды (млн АҚШ доллары)	31,32	27,37	26,26	5,6

* жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдам астам жобалар (жобаларды келесі жылға көшіру)

** өткен жылдардан қалған жобаларды қосқанда



КОРПОРАТИВТІК ІСКЕРЛІК ТӘРТІП

КПО ТӘРТІП КОДЕКСІ

Тәртіп кодексі талаптарды сақтаудың барлық аспектілеріне қатысты КПО-ның негізгі құжаты болып табылады, оның мақсаты – Компания қызметін қорғау. Тәртіп кодексі – бұл КПО-ның жұмыскерлері, мердігерлердің жұмыскерлері және КПО атынан жұмыс істейтін басқа адамдардың барлығы бірдей сақтап орындауы қажет КПО-ның іскерлік этикасы мен

корпоративтік мәдениетіне қатысты жалпы ережелер жиынтығы.

Тәртіп кодексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер қамтылған, ол ұлттық және халықаралық сауда, денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау және ақпарат алмасу сияқты кейбір аспектілерді реттейді.

КПО ІСКЕРЛІК ӘДЕБИ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ БОЙЫНША ОҚЫТУ

КПО өзінің бизнес қағидаларында, тәртіп кодексінде, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы нұсқаулығында келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық құндылықтары оның барлық қарым-қатынастарының негізі болып табылатын әділ және әділетті бизнес ортасын құрып, оның сақталуына

жағдай жасайды. КПО-ның барлық жаңа жұмыскерлері КПО іскерлік әдіп және корпоративтік мәдениет бойынша кіріспе курсты тыңдайды, сондай-ақ КПО-ның әрбір жұмыскері жыл сайын Әдеп және нормаларға сәйкестік бойынша оқытудан өтуге міндетті.

КПО ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ

2012 жылдан бастап Компанияның әдеп және нормаларға сәйкестік бағдарламасын қолдау мақсатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО жұмыскерлері, мердігерлер және мүдделі тараптар үшін қолайлы жұмыс ортасын құру шеңберінде алаяқтықпен, зорлық-зомбылықпен және жұмыс орнындағы басқа да заңсыз әрекеттермен

күресудің маңызды құралы болып табылады. Жедел желіні тәртіп кодексіне қатысты барлық ереже бұзушылықтар және ықтимал құқықтық және этикалық ереже бұзушылықтар, кемсітушілік, жыныстық оймен тиісу, мүдделер қақтығысы, парақорлық және т.б. сияқты басқа да ықтимал мәселелер туралы хабарлау үшін пайдалануға болады.

КОНТРАГЕНТТЕРДІ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК ТҮРҒЫСЫНАН ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау және қауіп-қатерді төндіруі мүмкін мәселелерді тиісінше реттеу шараларын айқындау мақсатында 2012 жылдан бастап компанияларды этикалық сәйкестік түрғысынан тексеру бағдарламасын іске асырып келеді.

Атап айтқанда, этикалық тексеру процесін жүргізу үшін әрбір әлеуетті іскерлік серіктеске толық ақпарат көрсетілуі керек сауалнама беріледі, онда серіктес ұстанатын бизнесті жүргізудің этикалық қағидаттарына қатысты сұрақтар қойылған. КПО этикалық сәйкестік

түрғысынан тексеру үшін сонымен қатар ашық ұлттық және халықаралық дерекқорларды (соның ішінде салық және сот дерекқорларын) және басқа да ашық дереккөздерден алынған ақпаратты пайдаланады.

КПО келісімшартының үлгілік нысанына түрлі міндеттемелерді енгізіп, өзінің іскерлік әріптестерінен Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық заңнаманы сақтауды талап етеді.



ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орнын дамытумен бірге, КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни экономикалық дамуға және өркендеуге қолайлы жағдай жасау арқылы өз қызметтерінен болатын кері әсердің алдын алу немесе барынша азайту, және пайданы арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген.

Компанияның маңызды мақсаттарының бірі – жергілікті халықпен сындарлы екіжақты қарым-қатынас жүргізу. 2022 жылы КПО жергілікті тұрғындарымен жұмыс істеуін жалғастырды. Консультациялық кеңестердің тұрақты отырыстарында жергілікті тұрғындарға өз мәселелерін ортаға салуға, ұсыныстар енгізуге, шағымдарын жеткізуге, бірден сол жерде кері байланыс алуға және КПО-ның ағымдағы және жоспарлаған қызметі туралы соңғы ақпаратты алуға мүмкіндік беріледі.

Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан үш ауылдық округте (Приурал, Жарсуат және Успен) 17 жиналыс өткізілді. Аталмыш жиналыстар барысында КПО мамандары тұрғындарға 2022 жылы жүзеге асырылған жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламалары, қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы және жергілікті тұрғындарға арналған стипендия бағдарламасының нәтижелері туралы хабар берді.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан Приурал, Жарсуат және Успен ауылдық округтерінің тұрғындарын қолдауға бағытталған жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде 2022 жылы КПО Бөрлі ауданының зейнет жасындағы 150 тұрғынына «Ақжайық» шипажайында ем алуға жолдама берді. Ауылдық округтердің тұрғындарына КПО стипендияларын ұсыну бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттерінде 7 студент үшінші курста оқуын жалғастырып жатыр. КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтейді және оқудың толық мерзімі бойы ай сайынғы стипендия төлеп тұрады. Оған қоса, КПО Жаңаталап ауылының мектеп оқушыларына жазғы демалыс кезінде ауылдан Орал қаласына баруға автобус бөлді.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ТҮРҒЫНДАРЫНА КПО СТИПЕНДИЯЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

2020 жылы Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне оқуға түскен 7 студент өз оқуларын үшінші курста жалғастырды. 2022 жылы КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтеуді және оқудың толық мерзімі бойы ай сайынғы стипендиясын төлеп тұруды жалғастырды.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ «АҚЖАЙЫҚ» ШИПАЖАЙЫНА ДЕМАЛУҒА ЖІБЕРУ

КПО Бөрлі ауданының егде жастағы 150 тұрғынына «Ақжайық» шипажайында ем алуға жолдама берді.

БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРІМІЗ:

-  www.linkedin.com/company/kpobv/
-  www.facebook.com/kpobv
-  www.instagram.com/kpobv
-  <https://vk.com/kpobv>
-  www.youtube.com/Karachaganak

Karachaganak



2022